

Ленин жумуш

Шыгуына
25-ші жыл
№ 6
(6707)
1944 жыл
Сенби
8 январь
Багасы
20 тыйы

КК(Б) Советтер Федерациясынын Советтер Федерациясынын, елбашылар депутаттарынын Облыстык Советинин және КК(Б) Петропавл калалык комитетинин органы

МОСКВА, КРЕМЛЬ СТАЛИН жолдаска

Киев қаласының партия активінен

Қымбатты және сүйікті Иосиф Виссарионович!

Украин халқының ең бірінші, ең жақын досына, кесеміміз және ұстазымызға қалалық партия активінің жыйылысына қатысушы—Киев большевиктері өздерінің жалынды сәлемін жолдайды.

Біз-екі жылдан аса уақыт бойына немістердің тепкісінде зарилеген ерікті қарт Киевте бірінші рет бас қосып отырмыз. Біздің Киевті анамыз—Совет Отанының семьясына қосуды қамтамасыз еткен Қызыл Армияның, оның Жоғарғы Бас қолбасшысы, Сіздің және туысқан орыс халқының достығы мен қамқорлығына деген шексіз алғысымыз бен қуаныш сезімімізді ыспаттауға сез жетпейді.

Есуас ефрейтор Гитлер он мыңдаған Киев адамдарын жойып, құлдыққа салды. Ол біздің Советтік Украинаның тіршілік етуіне қол сұқты, оны Германияның отары етуге тырысты. Ол жеңісін ұлтшыл азғындарға сүйене отырып, украин және орыс халықтарын бірімен-бірін араздастыруға әрекеттенді, сөйтіп оларды әлсіретіп құлданбақшы болды.

Фашист жауыздар Киевке басып кіріп, оны тарихта кездеспеген қырыңға, бүліншілікке ұшыратты. Олар Киевтің 100 мыңнан аса бейбіт адамдарын Бабь Яра, Мышеловкада, Печерскіде азаптап өлтірді, „жан алғыштармен“ жойды. Киевтің бұдан да көп адамдарын Германияға құлдыққа айдап әкетті.

Неміс үстемдігі кезінде Киев халқы 6 есе азайды. 1176 өнеркәсіп орындағының жартылай қыраған 278 ғана қалды. Кісі тұратын мыңдаған үйлер өртенді.

Совет адамдарын мылтық күшімен, дәрлармен тілсіз құла айналдыруға тырысып, гитлершілдер халықтарымыздың ұлттық намысын қорлады. Жаудың дегені болмады. Украина, оның астанасы—Киев Советтік еді, Советтік болып отыр және болады да. Бостандық сүйгіш Украин халқы біздің даңқты ата-бабаларымыз Дмитрий Байдаңш, Савериннің, Наливайконың, Иван Богунның, Богдан Хмельницкийдің дәстүрі бойынша неміс басқыншыларға қарсы табандылықпен күресті. Ол туысқан орыс халқының көмектесетінін білді.

Киев адамдары зорлық-зомбылықтан мәңгі құтылды. 1943 жылғы 6 ноябрьде Сіздің данышпан басшылығыңыз арқасында Қызыл Армия Киевті азат ету ұрыстарын тамаша аяқтады. Азат етілгеннен кейін үш күннен соң-ақ „Ленинская Кузница“ заводы өзінің бірінші гудок үнімен Киев адамдарын шаруашылық қалпына келтіру жұмыстарына шақырды. „Ленинская Кузницадан“ кейін „Трансигнал“, „Красный экскаватор“, Сталин атындағы, Дзержинский атындағы заводтар, темір жол торабы, сүт комбинаты, нан пісіретін орындар және басқа бірсыпыра өнеркәсіп орындары қатарға қосылды. 52 мектеп, 10 аурухана, 16 поликлиника, 13 консультация мекемесі, 4 балалар ауруханасы жұмыс істей бастады, 116 магазин, көпшілікті тамақтандыратын 1840 асхана ашылды. Бір жарым айдың ішінде кісі тұратын 2840 үй ремонтталды.

Университеттің, медицина, педагогика, құрылыс және гидромелиоратив институттарының бөлмелерінде студенттер мен профессорлар тағы да кездесті.

Көшелерде, пәтер үйлерде Москвадан радио арқылы жаңалық хабар естіле бастады. Қалада 7 кино театр, 3 музыкалық драма театры жұмыс істейді. Физкультура сарайы жұмыс істей бастады. Бірақ алдымызда істейтін жұмыстар әлі көп. Фашист сойқаншылар уақытша қожалық құрған аудандардағы қыраған қалалар мен селоларды, өнеркәсіп орындарын, транспортты, ауылшаруашылығын, мәдениет мекемелерін қалпына келтіру, фашистердің құлдығынан құтқарылған совет адамдарына қалыпты тұрмыс жағдайын жасау жөнінде Сіздің нұсқауыңыз бойынша жұмыс істейміз. Сіздің серігіңіз Никита Сергеевич Хрущев басшылық еткен Киев партия ұйымы тез уақыттың ішінде Киевті бұрынғы көркем, сәулетті қалпына келтірумен Қызыл Армияға алғыс айтып, оның жауды бір жолата талқандауына көмектесуге бар күшін жұмсайды деп Бүкілсоюздық Коммунист (большевиктер) Партиясының Орталық Комитетіне, қымбатты кесеміміз және ұстазымыз Сізге сенім береміз. Біздің жалпы күшімізбен Киевтің тағы да Советтер Союзының алдыңғы қатарлы гүлденген қаласы болатындығына қатты сенеміз.

Советтік Украина жасасын!
Батыр Қызыл Армияның даңқы артсын!
Бүкілсоюздық Коммунист (большевиктер) Партиясы жасасын!
Ұлы кесеміміз, кеменгер ұстазымыз және данышпан қолбасшымыз Сталин жолдастың мерейі үстем болсын!

(1943 жылғы 27 декабрьде Киев қаласының партия активі жыйылысында қабылданды).

СОВЕТ ИНФОРМБЮРОСЫНАН 6 ЯНВАРЬДАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІНЕН

6 январьда НЕВЕЛЬДІҢ солтүстік жағында әскерлеріміз дұшпанның қарсыласуы мен қарғы атақаларын және отырып, шабуылы ұрыстар жүргізуде болды, сөйтіп бірнеше елді пунктті алды.

1-УКРАИН майданының әскерлері шабуыл жасап отырып, Житомир облысының аудан орталықтары—ЧУДНОВ, ГОРОДНИЦА қалаларын, Ровен облысының РОКИТНО аудан орталығы мен темір жол станциясын, Киев облысының ЖАШКОВ, УЗІН аудан орталықтарын және 80нен аса елді пунктті, оның ішінде НОВЫЙ МИРОПОЛЬ, СТАРЫЙ МИРОПОЛЬ, ПЕЧАНОВКА, ГОРОДИЕВКА, РОМАНОВКА, БОЛЬШЕ КОРОВИЦЫ, ГОЛОДЬКИ, ЗОЗОВ, РОСОШЕ, МЕДОВКА, ВЕЛИКАЯ РАСТОВКА, САЛОГУЕВКА, ЖУРАВЛИХА, ЮШКОВ РОГ, САЛИХА, СИНЯЕВА, ОСТРОВ, ЖИТНИГОРЫ, САВИЦЫ, РОЗАЛЕВКА, МИРОВКА үлкен елді пункттері мен МИРОПОЛЬ, ПЕЧАНОВКА, РАЗИНО, МИХАЙЛЕНКИ, ЛИПОВЕЦ, ТОМИЛОВКА, СУХОЛЕСЬ темір жол станцияларын алды.

Майданның басқа участкелерінде барлау жүргізілді және артиллерияминомет атысы болып тұрды.

5 январьда әскерлеріміз барлық майдандарда немістердің 110 танкін қыйратты, жойды. Әуе ұрыстарында және сонат артиллериясымен дұшпанның 19 самолеті атып түсірілді.

Невелидің солтүстік жағында дұшпан резервтер алып келіп қатты қарсылық көрсетті. Н. құрамасының бөлімдері күн тәулік ішінде немістердің екі қарсы атакасын тойтарып тастады және ұрыс жүргізе отырып алға басты, сөйтіп бірнеше елді пунктті алды. Екінші бір участкеде жауынгерлеріміз түнде дұшпанға атақ жасалды, сөйтіп қолма-қол айқас нәтижесінде қолайлы позицияны алды. Немістерден 5 зеңбірек, 10 миномет, 26 пулемет және оқ-дәрі склады қолға түсірілді.

1-Украин майданының әскерлері шабуылды ерістегуде болды. Н. құрамасының бөлімдері дұшпанның аралық қорғану шеңберіне бекінуге әрекеттенген жау әскерлерін талқандады да немістерге ойсырата соққы беріп, Житомир облысының аудан орталығы және тас жолдарының маңында торабы—Чуднов қаласын алды. Гитлершілдер көптеген қару-жарақтары мен соғыс жабдықтарын қалдырып, тозғындан кері шегінуде. Әскерлеріміз Ровен облысының Рокитно аудан орталығын, Житомир облысының Городница аудан орталығын, Киев облысының Жашков, Узин аудан орталықтарын және 80нен аса елді пунктті алды. Совет бөлімдері алға баса отырып, дұшпанды орасан көп шығынға ұшыратуда. Бір күнді ұрыстарда немістердің 3.000 нан аса солдаттары мен офицері, 83 танкі 68 дала зеңбірегі мен өздігінен жүретін 13 зеңбірегі, 20'ден аса минометі, 175 автомашинасы мен 180-ат-шанасы жойылды. Дұшпаннан одажа, оның ішінде 16 бронемашина, 63 зеңбірек, 120 пулемет, 1.000нан аса автоматтар мен винтовкалар, 70 автомашина және қару-жарақ, оқ-дәрі мен түрлі соғыс мүлкі қойылған 8 сквал қолға түсірілді. Жаудан едәуір адам қолға түсірілді.

Пролойский батыс жағында біздің шағыншылар батальоны бүркемеленіп дұшпанның тылына шықты да Днепр өзенінен өтті. Совет шайғышылары неміс дивизиясының штабы тұрған деревняға басып кірді. Жауынгерлеріміз қауырға атақ жасап, немістердің күзетшілерін және көп штаб офицерлерін жойды. Немістердің штабын талқандап және жаудың адамдарын, оның ішінде немістердің бірнеше офицерлерін қолға түсіріп, шайғышыларымыз өздерінің бөлімдеріне аман-есен қайғы келді.

Полесье облысындағы аудандарының бірінде қыймыл жасаушы партизан отры

ды темір жол участкесіне миналар қойды. Немістердің әскер эшелоны миналарға соқтығысып, паровозы құлады. 14 автомашинаны тиелген 9 платформа талқандалды. Оның үстіне, совет патриоттары немістердің майданға келе жатқан жорық бөлімшелеріне әлденеше рет тап берді. Бұл ұрыс қыймылдарының нәтижесінде екі ротадан гитлершілдер жойылды. Партизандар мылтықтар мен пулеметтермен оқ жаудырып, дұшпанның екі моторлы бомбардировщикін атып түсірді.

Немістердің 78-жау әскер дивизиясындағы 14-полктың қолға түсірілген солдатты Гейнц Бай былай елді. „Мен Гавальбургтегі Моллер заводында жұмыс істедім. Өткен жылы заводқа Курск облысынан, Қырым мен Украинадан 2 0 орыс қызын айдап әкелді. Олардың ішінде дәрігерлер институтының студенткалары, оқытушы қыздар, шаруа қыздары бар еді. Германияда орыс азамдарының тұрмысы өте ауыр және ол тұрмысқа шыдау өте қиын, тіпті дені сау әлді адамдар да бұл тұрмысқа көп уақыт төтеп бере алмайды. Көп қыздар тәртіпке ашықтан-ашық қарсылық көрсетті. Аштық, аламдардың көп әлді және гитлершілдердің қорлауы олардың жігерін құм қыла алмады. „Бәрі бір Қызыл Армия бізді тұтқыннан азат етеді“ дейді олар.

Гитлершіл арамшараның жауындық істерінің бірі—бейбіт совет азамдарын Германияға құлдық жұмысқа айдау. Неміс-фашист жауыздар соғыс жүргізудің барлық заңдары мен дәстүрін ересексізден, бұзып, совет азаматтарын туған жерінен өзіндік семьясынан, аталар мен аналарын өздерінің баласынан айыруда. Немістер бейбіт және еркін совет азаматтарын „әскері тұтқындарға“, өздерінің құлдарына айналдыруда, оларды аштыққа ұшыратып және азаптап әлсіретуде. Тұтқын тәртібінен, аштықтан және ауыр еңбектен санмындаған совет азаматтары қаз тауып жатыр. Фашист жауыздардың бұл аяңдылығы бұрын бүкіл әлем естіп көрген сұр қиялық істердің бәрінен асып түсті. Қызыл Армияның, совет халықтарының жүрегі жеңісін жауға деген өшпенділіктен толған және олар совет азамдарын атып, азаптаған гитлершіл жеңілетерге азалды. Неміс-фашист құл исленушілер ССРСтың фашистік құлдыққа азап шеккен әрбір азаматы үшін, совет азамдарының қайғы-қасіреті үшін, оларды Германияға құлдық жұмысқа айдап кеткендігі үшін жауап береді“.

Украина ССР партизан отрядтарының командирлеріне Советтер Союзының Батыры атағы беру туралы ССРС Жоғарғы Советі Президиумының Указы

Киевтің солтүстік жағында Днепр, Десна және Припять өзендеріндегі өткелдерді алу, Қызыл Армия бөлімдері келгенге дейін өткелдерді менгеріп тұру жөнінде партизан отрядтарының жүргізген ұрыс қыймылдарына шеберлікпен, ерлікпен басшылық еткені үшін, мұнымен бірге, қаһармандық және бағырлық көрсеткені үшін төменде аталғандар

1. БОВКУН Иван Михайловичке
2. СИМОНЕНКО Николай Дмитриевичке
3. ШЕВЫРЕВ Александр Ивановичке.

ССРС Жоғарғы Советі Президиумының Председателі
М. КАЛИНИН.
ССРС Жоғарғы Советі Президиумының Секретарі А. ГОРКИН.
Москва, Кремль. 1944 жылғы 4 январь.

Тәжік ССРның колхозшыларын, колхозшы әйелдерін, ауылшаруашылығының, дайындау системасының, тамақ, жергілікті өнеркәсібінің және қол өнер кооперацияларының қызметкерлерін ардагерлермен және медальдармен наградтау

Тәжік ССРның ауылшаруашылығының, мал шаруашылығының, тамақ, жергілікті өнеркәсібін және қол өнер кооперацияларының өркендетуде үкімет тапсырмаларын айлауындай орындағаны үшін ССРС Жоғарғы Советінің Указы бойынша:
Ленин орденімен 28 адам,
Еңбек Қызыл Ту орденімен—91 адам, «Хұрмет Белгісі» орденімен—128 адам, «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен—165 адам, «Еңбекте үздік шыққаны үшін» медалімен—92 адам наградталды. (ТАСС).

Қазақстанның малшылары, мал шаруашылығын өсіруде 1944 жылы жаңа табыстарға жетіндер!

Облыстардың радио кеңесі

30 декабрьде облыстардың радиотинісі өткізілді. Бұл митингі 43 жылы мал шаруашылығын өрндетудің алғашқы қорытындыла-на және 1944 жылғы 1 январьда спубликаның барлық шаруашы-ктарындағы малдың есебін алу-мысын өткізуге арналды.

Облыстардың радио кеңесін Қазақ СР Халық Комиссарлары Советі кеделетелінің орынбасары Бұдан в жолдас ашты. Бірінші сөз Қа-кстан Коммунист (большевиктер) ртиясының Орталық Комитетінің

секретарі Н. А. Скворцов жолдасқа берілді. ҚК(б)П Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Халық Комиссарла-ры Советі атынан Скворцов жолдас республикамыздың мал өсірушілерін бұрынғыдан да жігерлі қыймылдап малды ұқыпты күтуге, сөйтіп алда-ғы 1944 жылы колхоздар мен сов-хоздардың малын бұрынғыдан да көбейтуге, оның продуктивтілігін арттыруға, батыр Қызыл Армия мен елімізге мал продукциясын бұрын-ғыдан да көп беруге шақырды.

Бұдан кейін Қарағандыға сөз бе-рілді. Еңбекшілер депутаттарының Қарағанды облыстық советі атко-мының председателі Ергебеков жол-дас сөйледі.

Радио кеңеске Оңтүстік Қазақ-стан облыстық партия комитетінің секретарі Нечаев жолдас, Алматы облыстық жер бөлімінің бастығы Коробов жолдас, Алматы селендік ауданындағы «Қызыл ту» колхозы-ның председателі Абдрахманов жол-дас, Қазақтың есеп-санақ басқарма-

сының бастығы Калмыков жолдас қатысты.

— Қазақ ССР Халық Комиссар-лары Советі республикамыздың ең-бекшілері 1944 жылы майданға кө-мекті еселеп күшейтеді, Қызыл Ар-мияға азық-түлікті және өнеркәсіпке шикізатты керегініше береді, сөйтіп, неміс-фашист қарақшыларды біржо-лата жеңу сағатын жақындата түсе-ді, — деп сенеді, — деді радио ми-тингідегі қорытынды сөзінде Бұдан-цев жолдас.

А. Скворцов жолдасының 1943 жылғы 30 декабрьде радио митингіде сөйлеген сөзі

Жолдастар, колхозшылар, кол-шы әйелдер, совхоз қызметкер-і! Біздің батыр Қызыл Армия-н отан соғысы майданында 43 жылы жеңіспен шабуыл жаса-бүкіл совет халқы арасында өте те зор патриоттық және өндіріс-өрлеу туғызды, оларды еліміздің ық шаруашылығының барлық тасында бұрынғыдан да аянбай көбейтуге, неміс-фашист жырт-ш бауыларды біржолата талқан-уды тездету үшін майданға барын көмектесуге ұмтылдыңыз.

Советтер Союзының Маршалы, мемлекеттік қорғау Комитетінің председателі Сталин жолдас еңбек-дер депутаттарының Москва сове-інің салтанатты мәжілісінде осы-ылғы 6 ноябрьде жасаған баянда-сында тыл жұмысына жоғары ба-бере келіп, мынаны айтты: «Арт-қалған егін шаруашылығын бей-т құрылыс жылдары кезінде кол-з құрылысы негізінде алтынғыла-рлы ауыл шаруашылығына айнал-рған Советтер Союзының шаруа-ры Отан соғысы кезінде жалпы ықтық мүдделерді деровия тари-нда бұрын болып көрмеген дәре-де жақсы түсінгендігін көрсетті. нар майданға жанкыярлық еңбе-тен көмектесіп, немістерге қарсы зіргі соғысты совет шаруалары өз-рінң төл ісі, өздерінің біршілігі н бостандығы үшін жүргізіліп ырған соғыс деп танытынын көр-тті».

Сталин жолдасын, Қызыл Армия-н елімізге астық, ауыл шаруашы-лығының тағы басқа продуктылары, ын ішінде мал шаруашылығының продукциясы еселеп көп берілсін-ген шақыруын Қазақстанның кол-хозшы шаруалары қызу жігермен қабы алды.

Республикамыздың колхоздары ыңыл мемлекетке ет тапсыру пла-нын мерзімінен екі ай бұрын орын-ды.

Республикамыздың колхоздары мемлекетке етті өткен жылғыдан 12.7 мың центнер артық тапсырды, інің үетіне колхоздар мемлекетке 573.840 центнер сүт, 92.168 цент-ер жүн тапсырды.

Қазақстанның совхоздары да мем-кетке мал шаруашылығы продук-циясын тапсыру планын ойдағыдай қындады.

Республикамыздың алтынғыл жа-рылы облыстары — Гурьев, Қызыл-ода, Қарағанды облыстары мал шаруашылығы мемлекеттік планын мерзі-мінен бұрын орындады.

Азат етілген аудандарға көмек-етінде берілген және 1944 жылы тапсырылатын еттің планы есебіне-дың али берілген малды қоса-ептегенде, Гурьев облысының колхоздары сыйыр малын 26,4 про-

цент, қой мен ешкіні 37,4 процент, жылқыны 17,7 процент өсірді.

Қызылорда облысының колхозда-ры сыйыр малын 17,6 процент, қой мен ешкіні 33,0 процент, жылқыны 19,2 процент, Қарағанды облысының колхоздары сыйыр малын 14,5 про-цент, қой мен ешкіні 30,6 процент, жылқыны 20,5 процент өсірді.

Республикамыздың колхоздары не-міс оккупанттарынан азат етілген аудандардың колхоздарына мал жа-ғынан көп көмектесті. Олар Ростов Сталинград, Воронеж тағы басқа об-лыстардың неміс оккупациясынан азат етілген аудандарының колхоз-дарына 38,5 мың бас сыйыр малын, 174 мың бас қой мен ешкі, 4 мын-наша аса шошқа және мыннан аса жұмыс аттары мен түйе берді.

Мал өсірудегі осы даусыз табыс-тарымен қатар, әсіресе Қостанай Солдустік Қазақстан, Шығыс Қазақ-стан облыстарының бірсыпыра кол-хоздары малды нашар күтіп, нашар бағу салдарынан мал шығымының едәуір болуына жол берді, мал өсі-рудің мемлекеттік планын әлі орын-даған жоқ.

Қазір басталған мал қыстату жұ-мысы мал шаруашылығын одан са-йын өркендету ісінде ең жауапты кезең болады.

Қыста малдың шөбі мол, қорасы оқылы болса, ондай малдың төлі өс-келең болады, ондай мал жаз және күз кезінде дертке шалдықпайды, шығынға ұшырамайды.

Мал қыстатуға әзірлік жөнінде жүргізілген мемлекеттік тексеру жасаптеген колхоздар өткен жылдың сабағын ескергенін, мал қыстатуға ұқыпты әзірленгенін, мал базалары-на шөп тасуды аяқтағанын және аяқтап келе жатқанын, шөпті ша-былған жерден дер кезінде тасып алмау кейін көп қыйыншылықтарға кездестіретінін, тіпті мал шаруашы-лығының үлкен шығынға ұшырауы-на әкеліп соғатынын жақсы түсінге-нін көрсетті.

Шығыс Қазақстан, Алматы, Қос-танай облыстарының, әсіресе Семей облысының колхоздары шөпті тасып алуда артта қалып келеді. Бұлар-дың көп колхоздарында малға шөп қазірдің өзінде тасып беріліп отыр.

Барлық хажетті шараларды кол-данып, колхоздар мен совхоздар-дың адамдарын, транспорт құралда-рын жұмылдырып, әрбір колхоз бен совхозда январьдың алғашқы жарты-сында базаларға мал азығын тасып алуды толық аяқтау керек.

Негізгі міндет — қыс кезінде ірі малды тегіс жақсы күйде ұстау, жаңа туған төлдің бірде-бірі шығын болмайтын ету.

Бүкіл қыс кезінде әрбір малдың күйін қадағалап, бақылап, күйі тө-

мендеген малды немесе қышымаға тағы басқа ауруларға шалдыққан малды жақсы күту, тойдыра тамақ тандыру үшін дер кезінде бөлек топтарға бөлу хажет.

Буаз малдың жайын күндіз-түні бірдей бақылап, әсіресе жақс төлді желге ұрындырудан, суыққа ұрын-дырудан сақтау керек.

Мал қыста жанғып бағылатын учаскелердегі малға жайылымдарды дұрыс пайдалану жағынан болсын, ауа райы өзгерген кезде (боранда, дауылда, қар қалып жауғанда) ық-тасында ұстау жағынан болсын ба-рынша баса көңіл бөлу керек.

Қысқы жайылымдағы малды ба-ғатын адамдар жылы киіммен, азық-түлікпен қамтамасыз етіліп, олар-дың арасында мәдени жұмыстар, дә-рігерлік көмек жұмысы жүргізілуге тиіс.

Аудандық партия комитеттері, ең-бекшілер депутаттарының аудандық совет аткомдары, ауыл-селолық со-веттер қыс кезінде мал шаруашылы-ғына бақылауды және басшылықты ерекше күшейтіп, әрбір колхозға және совхозға мал қыстатудағы кемшіліктерді жоюда дер кезінде нақты көмектесіп отырулары керек.

Ауданның жауапты қызметкерле-рі, аудандық партия-совет актионы арты қалған колхоздарға бөлініп, бекітілуге тиіс.

Өткен жылғы сыяқты, быйыл да ССР Союзы Халық Комиссарлары Советінің қаулысы бойынша 1944 жылғы 1 январьда шаруашылықтың барлық категориясында бар малдың есебі алынады.

Партия, совет органдары бүкіл малды дұрыс, дер кезінде және анық есепке алу үшін мемлекеттік маңызы зор екенін барлық колхоз-шыларға, совхоз жұмысшыларына, малы бар басқа да азаматтарға тү-сіндіруге міндетті.

Мал есебі дұрыс алынса, мұның-өзі 1943 жылы мал шаруашылы-ғын өркендетудегі табыстарымыз бен кемшіліктерімізді анықтауға, шаруашылықтың барлық категория-сында ендігі жерде де мал санын ойдағыдай арттыру шараларын дұ-рыс белгілеуге мүмкіндік береді.

Мал санағын алу жұмысын өткі-зуге аудандық партия комитеттері, аудандық аткомдар мен ауыл-село-лық советтер күнделікті көңіл бө-ліп, бақылау жүргізуге тиіс. Санақ басқармасының органдарына көмек-ке аудандық активтен және есеп қызметкерлерінен адамды жеткілік-ті мөлшерде бөлу керек.

Колхоздарда малдың есебін алу-мен қатар, қандай кіріс болғанын, қандай жолмен шығыстар болғанын документ арқылы толық анықтау хажет.

Есептің қорытындысы мал өсіру-дегі жылдық жұмыстың қорытын-дысы ретінде колхозшылардың, сов-хоз жұмысшыларының жалпы жи-йылыстарында талқыланып, онда мал санын одан сайын арттыра бе-рудің нақты шаралары белгіленуге тиіс.

Неміс аюандар уақытша оккупа-циялаған аудандарда мал шаруашы-лығына келтірілген шығынның ор-нын едәуір мөлшерде толықтыру жөнінде республикамызға аса елеулі және хұрметті міндет жүктеліп отыр. Бұл міндетті біз орындауға тиіспіз және бұған керекті мүмкін-шіліктің бәрі бар. Бұл үшін тек мал шаруашылығының барлық қызмет-керлері, әрбір колхозшы және сов-хоз жұмысшысы аянбай жұмыс іс-теуі керек.

Жолдастар! Бүкіл совет халқы жанкыярлық еңбегімен болысқан біздің туысқан Қызыл Армия неміс басқыншыларды қыйратуда табыс-тан-табысқа жетуде. Ол батысқа қарай еркін алға басып, жауды ха-сиетті совет жерінен қууда. Соғыс қазір біржолата аяқталуға бет алып келеді. Бірақ, Сталин жолдас ес-керткеніндей совет адамдарына қол жеткен табыстарына тоқтап қалу, табысқа масайрау лайық емес. Енді жеңіс жақын, дейді Сталин жолдас, бірақ ол жеңіске жету үшін бүкіл тылымыздың оқуымысты бұрынғыдан да жігерлі істеп, жанаямай қыймыл дауы хажет.

Республикамыздың әрбір мал өсі-рушісі малды барынша өркендетіп, мал басын аман сақтау үшін күресе отырып, бұл ісі арқылы бүкіл совет халқының неміс қайшыларды тезі-рек талқандау жолындағы жаппай жүргізген күресіне белсене қатына-сатының бір минут естен шығармау керек.

Қазақстан Коммунист (большевик-тер) Партиясының Орталық Комите-ті мен Қазақ ССР Халық Комиссар-лары Советі барлық колхозшылар-ды, совхоз жұмысшыларының ауыл шаруашылығының қызметшілері мен мамандарын малды ұқыпты жақсы күтуге барынша күш салуға, сөйтіп алдағы 1944 жылы колхоз бен сов-хоз малының санын бұрынғыдан да көбейтуге, оның продуктивтілігін арттыруға, Қызыл Армия мен еліміз-ге мал продукциясын еселеп көп беруге шақырады.

Совет халқының мақтаны — біздің Қызыл Армия жасасын!

Ұстазымыз және көсеміміз Совет-тер Союзының Маршалы біздің туысқан Сталин жасасын!

Жауапты редактор
Ө. ОСПАНОВ.
ТВ 00362